

Ақмола облысының Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округі Байсуат ауылына жақын орналасқан атауы жоқ өзеннің (Сухая балка өзені) арнасындағы учаскенің су қорғау аймағы мен белдеулерін белгілеу және оны шаруашылыққа пайдалану тәртібі туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № А-8/342 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 тамызда № 5490 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № А-5/222 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 03.05.2022 № А-5/222 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39-бабына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бүйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген), Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Ақмола облысының Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округі Байсуат ауылына жақын орналасқан атауы жоқ өзеннің (Сухая балка өзені) арнасындағы учаскенің су қорғау аймағы мен белдеулері белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Ақмола облысының Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округі Байсуат ауылына жақын орналасқан атауы жоқ өзеннің (Сухая балка өзені) арнасындағы учаскенің қорғау аймағы мен белдеулерінің тәртібі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары Қ.М. Отаровқа жүктелсін.

4. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

С.Кулагин

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

*Су ресурстарын пайдалануды
реттеу және қорғау жөніндегі
Есіл бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы*

2016 жылғы "7" шілде

M.T. Аяшев

Ақмола облысы әкімдігінің
2016 жылғы 7 шілдедегі
№ A-8/342 қаулысына
1-қосымша

**Ақмола облысының Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округі Байсугат ауылына
жақын орналасқан атауы жоқ өзеннің (Сухая балка өзені) арнасындағы участкенің су
қорғау аймағы мен белдеулері**

№	Су объектісінің атауы, орналасқан жері	Су қорғау аймағы		Су қорғау белдеулері	
		Ені метрмен	Көлемі, га	Ені метрмен	Көлемі, га
1	Ақмола облысының Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округы Байсугат ауылына жақын орналасқан атауы жоқ өзеннің (Сухая балка өзені) арнасындағы участок	500	100,8090	50	11,8616

Ақмола облысы әкімдігінің
2016 жылғы 7 шілдедегі
№ A-8/342 қаулысына
2-қосымша

**Ақмола облысының Бұланды ауданы Қараөзек ауылдық округі Байсугат ауылына
жақын орналасқан атауы жоқ өзеннің (Сухая балка өзені) арнасындағы участкенің су
қорғау аймағы мен белдеулерін шаруашылық пайдалану тәртібі**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 21.08.2020
№ A-9/418 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

1. Елді мекендердегі су қорғау аймағы шегінде су объектісінің ластануын және қоқыстануын болдырмайтын пайдалану режимі сақталуы тиіс.
2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:
 - 1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-қүйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыштар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыштарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылышжайлар салмай ғимараттар мен құрылыштарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участеклерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген участеклерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өндеді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуға (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға жол берілмейді.

3. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуғе, сондай-ақ құрылыш, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуғе, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мұдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бүрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуғе;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар

жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына көрі әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбegen пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.